

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D011 - Педагогика және психология (6D010300/8D01101 - Педагогика және психология) бағыты бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

2022 жылы 8D011 - Педагогика және психология (6D010300/8D01101-Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін құрылған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің 10 отырысы өткізілді (01.01.2022-31.12.2022).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. *Таженова Гульсара Сериковна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. *Полатова Сауле Дуйсенбаевна*, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

3. *Мырзабеков Ержан Есилбекович*, Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халақтар достығы университеті;

4. *Орынбаева Лаура Каныбековна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

5. *Абильмажинова Орынгуль Слямбековна*, “Alikhan Bokeikhan University” білім беру мекемесі;

6. *Байсултанова Сая Чарипкановна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

7. *Советканова Дамира Маратовна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

8. *Азизханова Дидар Каримжановна*, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

9. *Ешенкулова Динара Бауыржановна*, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

10. *Масимова Хуришдам Ташболатовна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Таженова Гульсара Сериковнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары»

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д. Тургунбаева Б.А., профессор, доктор Хаяти Акиол

Қорғау 2022 жылы 28 ақпанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- жоғары мектеп педагогикасының теориясы осы еңбекте қолданылатын «медиабілім», «медиақұзыреттілік», «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдары мәнінің нақтылануымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылды;

- студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, мазмұны мен әдістері, құралдары, диагностикалық әдістемелері, деңгейлерінен тұратын құрылымдық-қызметтік моделі жасалынды;

- ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын: медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиаөнімдерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, негізделді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., No319-III Қазақстан Республикасының Заңы (15.11.2021 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен. Астана. Ақорда); "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 726 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1-қыркүйек 2021ж.); Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы.

2) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру барысында дайындалған «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» - оқу-әдістемелік құрал, «Педагогика және психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар даярлаудың үлгі ББ бағдарламалары дайындалды. Зерттеудің нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану білім алушылардың медиасауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Полатова Сауле Дуйсенбаевнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Инновациялық технологиялар негізінде болашақ мамандарды үштілде оқытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

F

ы Қорғау 2022 жылы 28 ақпанда өтті.

л Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

ы -ЖОО-ның болашақ мамандарды үштілде оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтайтын қағидалар жиынтығын ғылыми тұрғыдан негізделді;

и - болашақ мамандарды үш тілде оқытудың анықталған психологиялық-педагогикалық шарттарының ғылыми-практикалық негіздемесі берілді;

к - инновациялық технологияларды қолдану арқылы бакалаврларды үш тілде оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

ң - тілдік емес мамандықтардың 1 курс студенттерін үш тілде оқыту шарттарына бейімделген мәдениетаралық мазмұндағы инновациялық технологияларды қолдану әдістемесінің мазмұндық компоненттері әзірленді және оның тиімділігі эксперименталды тұрғыдан айқындалды.

і 2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-

e

p

i

техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 қарашадағы Жарлығы; Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі No 319-III «Білім туралы» Заңы. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

-«Шет тілі» пәнінің негізгі курсына қосымша материал болып табылатын «Intercultural Communication» білім беру модулін тілдік емес мамандықтардың 1 курс студенттеріне арналған «Шет тілі» базалық курсының мазмұнына енгізу (3 кредит): 6B06120 – Ақпараттық жүйе, 6B01501 – Химия және биология, 5B070300 – Информатика, 6B06101 – IT басқару және жобалау;

-білім беру модулі үшін шет тілі мұғалімдеріне арналған «Intercultural Communication» электрондық оқулығы әзірленді. Оның мазмұны инновациялық технологияларды пайдалануға негізделген және болашақ мамандардың бойында мәдениетаралық және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстандағы мәдениет, дәстүр, ұлттық киім, тағам, поэзия, музыка және ұлттық спорт ойындары туралы өзекті тақырыптарды қамтиды;

- «Web Quest» оқу модулі үшін тілдік емес мамандықтардың 1 курс студенттеріне арналған «Intercultural Communication» сайты әзірленіп, енгізілді. Оның мазмұны инновациялық технологияларды қолдануға негізделген және университеттің оқу процесінде үштілділік үдерісін жандандыруға мүмкіндік беретін болашақ мамандардың бойында мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған;

- «Intercultural Communication» білім беру модулі бойынша пәннің бағдарламасы (силлабусы) әзірленді, оның ішінде оқу жоспары, оқу-әдістемелік құрал, оқытушыларға арналған практикалық жаттығуларға арналған әдістемелік нұсқаулар, студенттерге арналған СӨЖ және ОСӨЖ бойынша әдістемелік нұсқаулар, тест емтихандарының сұрақтары енгізілді.

Осы зерттеу барысында алынған нәтижелер, олардың негізінде жасалған қорытындылар мен ұсыныстар, әзірленген оқу материалдары тілдік емес мамандықтар бойынша болашақ мамандарды дайындауда университеттегі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту процесінде, үштілді білім беру ортасында, шет тілі сабақтарында мәдениетаралық қарым-қатынас бойынша практикалық сабақтарды өткізуде пайдаланылуы мүмкін

Мырзабеков Ержан Есилбековичтің диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Жолдасбеков А.А., п.ғ.д., профессор Данияров Т.А., п.ғ.д., профессор Рузиева Д.И.

Қорғау 2022 жылы 11 сәуірде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

-болашақ мұғалімдерді жоғары оқу орнында инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде олардың креативті тұлғасын қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген;

- зерттеу проблемасының «креативті тұлға», «болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті» және «болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау» негізгі ұғымдарының мәні нақтыланған және олардың мазмұны ғылыми тұрғыдан сипатталған;

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, компоненттері, өлшемдері мен деңгейлері қамтылған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдерден тұратын әдістемесі жасалған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденген.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы 2017; Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2018 жылғы 1 қараша Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ; Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру әдістемесін, «*Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі креативтілік*» атты элективті курсы, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру бойынша «*Жеке тұлғаның креативтілігін дамыту*» атты тренингтер жинағын, сонымен қатар Брейнштурминг, («*Ойлаудың алты қалпағы*»), «*Фокальды объектілер әдісі*», «*Миға кері шабуыл*», «*Аяқталмаған әдістер*», т.б.), интербелсенді әдіс-тәсілдер («*Степлэддер*», Скампер, Раунд-Робин) мен формалар (дивергентті және конвергентті ойлауға арналған практикумдарды, тренингтерді практикаға ендіруімен іске асырылады. Зерттеу жұмысының бұл нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындары тәжірибесінде, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Орынбаева Лаура Каныбековнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Оқудан тыс іс-әрекеттерді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Көшербаева А.Н., п.ғ.д., профессор Гриншкун В.В.

Қорғау 2022 жылы 11 сәуірде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- жеке тұлғаның элеуметтік, белсенділік және шығармашылықтың мәні және оның көп факторлы даму сипаты туралы тұжырымдамалық ережелерге негізделген оқудан тыс іс-әрекеттерді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және практикалық алғышарттары негізделген;

- оқушылардың оқудан тыс іс-әрекеттерін ақпараттандырудың заманауи түсініктері нақтыланды; «оқушылардың оқудан тыс іс-әрекеттері», «ақпараттандыру жағдайында оқушылардың маңызды тұлғалық қасиеттері» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілді;

- оқудан тыс іс-әрекеттерді ақпараттандыру жағдайындағы жүйесінің моделі әзірленді, педагогикалық қағидалар айқындалды және оқушылардың мектептегі оқудан тыс жеке және топтық жұмысының тиімділігіне ықпал ететін цифрландырылған ресурстары жіктелді және жүйеленді;

- модель негізінде оқудан тыс іс-әрекеттер мазмұнының компоненттері анықталды, оқушылардың танымдық, адамгершілік, элеуметтік-коммуникативті, денсаулық сақтау, эстетикалық және көркемдік бағыттар кешеніндегі тұлғалық қасиеттері анықталды және жүйеленді;

- цифрландырылған білім беру ресурстарын пайдалануды көздейтін және осы негізде негізгі мектеп оқушыларының маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқудан тыс іс-әрекеттерді ұйымдастырудың формалары, әдістері мен құралдары жасалды;

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім және ғылым» конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (Астана-16 тамыз 2019 ж.); Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы (Астана. - 2017.-Б.-6.); Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы No 988 қаулысы; Ұлттық жоба: «Білімді ұлт» сапалы білім – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 726 Қаулысы; «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (Астана. - 2017. - Б.7-25); «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы (Астана. - 2013. - Б. 1-59.3)

2) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Сыныптан тыс іс-шаралар кешенін (үйірмелер, жиналыстар, конкурстар, пікірталастар, кештер, шеберлік сабақтары және т.б.) ұйымдастырудың мазмұны мен формалары әзірленді, оның ішінде жеке немесе бірлескен сыныптан тыс шығармашылық ізденістерге арналған сұрақтар мен бағыттар әзірленді. Оқушылардың тұлғасын қалыптастыруға және тәрбиелеуге бағытталған ақпараттандырылған сыныптан тыс жұмыстарды өткізудің әдістері, тапсырмалары мен сценарийлері ұсынылған.

Компьютерлік анимациямен, цифрлық ашық хаттармен, ойындармен, хронометраждармен, буклеттермен, интернет-сайттармен жұмыс істеуге арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі таңдалған және жүйеленген мазмұн және аспаптық цифрлық ресурстар ((ресурстар iMekter, Twig-Bilim, BilimLand, Scribble 3D модель редакторы, LearningApps конструкторы, Puzzle Maker ойын редакторы, Scratch бағдарламалау ортасы және т.б.).

Жасалынған оқу-әдістемелік материалдарды жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметінде де, болашақ мұғалімдерді негізгі мектептерге дайындауда да пайдалануға болады.

Абильмажинова Орынгуль Слямбековнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., Джанбубекова М.З., п.ғ.к., доцент Парфенова Г.Л.

Қорғау 2022 жылы 20 мамырда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, зерттеудің негізгі ұғымдарға авторлық анықтама берілді;

- университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуда отандық және шетелдік заманауи университеттерді салыстыру негізінде кредиттік оқыту жүйесінің келесі мүмкіндіктері айқындалды: академиялық еркіндікті кеңейту, білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін студентке және құзыреттілікке бағыттау, білім көлемін біріздендіру, СӨЖ-дің тиімділігімен рөлін арттыру;

- кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары ұсынылды және

мотивациялық-тұлғалық, танымдық-мазмұндық, процессуалды- іс-әрекеттік компоненттерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың қамтамасыздандаратын психологиялық-танымдық-пәндік үш негізгі бағытты құрайтын кешенді әдістемесі жасалды, тиімділігі тәжірибелік эксперимент арқылы тексерілді.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі No319-III Қазақстан Республикасының Заңы (21.07.2015 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен. Астана, Ақорда); Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020 жыл); "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 726 қаулысы; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (1-қыркүйек 2021ж.); «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (04.03.2020ж.)

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Кредиттік оқыту жағдайында университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың 3 бағыттан (психологиялық, танымдық, пәндік) тұратын әдістемесі; «Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы; Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылығын дамытуға СӨЖ, СОӨЖ ұйымдастырудың әдістемелік нұсқауы дайындалды; Зерттеу жұмысының бұл практикалық нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындары тәжірибесінде, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Байсултанова Сая Чарипкановнаның диссертациясы бойынша:

2) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Абдигапбарова У.М., доктор, профессор Рахкошкин А.А.

Қорғау 2022 жылы 20 мамырда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «көп тілді білім беру», «магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары» ұғымдары нақтыланды;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұны анықталды; «Көп тілді білім беру» магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделіп, психологиялық аспектілері айқындалды.

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды тиімді жүзеге асырудың мазмұны, психологиялық-педагогикалық шарттары, бағалау компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-функционалды моделі жасалды;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

ҚР 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы (2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487-IV ҚРЗ, Астана, Ақорда); ҚР «Ғылым туралы» Заңы. Астана 18 ақпан, 2011 жыл); Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы (Астана, 2016. -22 б. ҚР БҒМ 09.11.2015ж. №344 бұйрығы); Педагогтің кәсіби стандарты //«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ) және т.б.;

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттарды кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды диагностикасы; 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»; «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері», 7M01101– «Педагогика және психология» мамандығының «Менеджерді инновациялық іс-әрекеті, 7M01102 – «Педагогикалық өлшемдер» мамандығының « ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер» пәндерінің мазмұнына қосымшалар; «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарлама; «Y research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) Ережесі, іс-шаралар жоспары; «International education» халықаралық жобасы жасалып тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді. Диссертациялық зерттеуде ол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ педагогтар, мен ғылыми-педагог кадрлар даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Советканова Дамира Маратовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамыту

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Тұрғынбаева Б.А., доцент, доктор Мехмет Ариф Озербаш

Қорғау 2022 жылы 9 желтоқсанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– «магистранттардың андрагогикалық субъектілігі» ұғымының мәні, құрылымы, функциясы нақтыланды;

– магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

– магистранттардың андрагогикалық субъектілігін дамытуды нәтижелі ететін «Белсенділік баспалдақтары» атты кешенді бағдарлама әзірленді, тәжірибеден өткізілді;

– ЖОО оқытушылары үшін «Андрагогикалық субъектілікті дамыту дидактикасы» атты оқу-әдістемелік құрал, «ЖОО оқытушыларының андрагогикалық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары, 7M01101 – «Педагогика және психология», 7M01103 – «Білім берудегі менеджмент» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар мен «Магистранттардың даму орталығының» Ережесі даярланды.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен. Астана. Ақорда); «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагог» кәсіби стандарты; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021ж.; Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы). «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы) және т.б.;

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеудің нәтижесін «Андрогогикалық субъектілікті дамыту дидактикасы» атты оқу-әдістемелік құралдың; «ЖОО оқытушыларының андрогогикалық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспарының, 7M01101 – «Педагогика және психология», 7M01103 – «Білім берудегі менеджмент» мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар мен «Магистранттардың даму орталығының» Ережесінің әзірленуі дәйектейді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру беру үдерісін жаңартуда, біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болатындығымен сипатталады.

Азизханова Дидар Каримжановнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

F

ы - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздері анықталды, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдары нақтыланды;

м - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды,

- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленді;

e - жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілді

с 2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

e Педагогтің кәсіби стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша; «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (01.09.2021); «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

.

F

.

Д

.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесі құрастырылды, тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді; хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы жасалынып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылды; болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыратын пропедевтикалық тапсырмалар кешені дайындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық және мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарында хореографтарды даярлау процесінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін

Ешенкулова Динара Бауыржановна диссертациясы бойынша:

2) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Абдигапбарова У.М., п.ғ.д., профессор Карпов Е.Б.

Қорғау 2022 жылы 30 желтоқсанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «оқушылардың өздік оқу іс-әрекеті», «оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымдық сипаттамасы жасалды, жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқару мәселесі психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан зерттеліп, негізделді;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың мәні мен мазмұны анықталып, оларға ғылыми негізді сипаттама берілді;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын тиімді қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, аталған даярлықты қалыптастыруды нәтижелі жүзеге асырудың тұжырымдамалық, технологиялық, бағалаушылық құрамдары қамтылған құрылымдық-функционалдық моделі жасалды;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде №319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487– IV ҚРЗ, Астана, Ақорда); Педагогтың кәсіби стандарты//«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ, Нұр - Сұлтан, Ақорда Қазақстан Республикасы жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018 ж. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020 жыл); Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауы (2021 жыл, қыркүйек).

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың диагностикасы; жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің психологиялық даярлығын қалыптастыруға арналған психотехнологиялық бағдарлама; жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің теориялық даярлығын қалыптастыруға арналған элективті курс; цифрлық сауаттылық клубының іс-шаралар бағдарламасы (ҚР Әділет министрлігінің авторлық куәлігі № 30417, 18.11.2022 ж.); жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің практикалық даярлығын қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі жасалып тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді; педагогикалық практика мүмкіндіктерін пайдалану кезеңдермен жүзеге асырылды. Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ педагогтар даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Масимова Хуришдам Ташиболатовнаның диссертациясы бойынша:

2) *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

Диссертация тақырыбы – Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту

Мамандық: 6D010300 - Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Көшербаева А.Н., п.ғ.д., профессор Баймолдаев Т.М., доктор, профессор Аднан Кан

Қорғау 2022 жылы 30 желтоқсанда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– зерттеу аясындағы негізгі ұғымдар нақтыланды, «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекеті» ұғымына авторлық анықтама берілді;

– педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасы құрастырылды және психологиялық – педагогикалық шарттары анықталды;

– біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және курстан кейінгі қолдау Ережелері негізінде педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша мақсатты ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курсының тиімділігі негізделді;

– педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі, жүйелі әдістемесі, педагогтердің біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы құрастырылды.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2021; «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагог» кәсіби стандарты; «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2021;

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында педагогтерге арналған «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтің бағалау іс - әрекетінің

психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы даярланып, біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Оқу – әдістемелік кешен жасалды. Зерттеу жұмысы аясында «Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» атты әдістемелік құрал жарық көрді. Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ғылыми – тәжірибелік негіздері нақтыланды, моделі құрастырылды, педагогикалық эксперимент жасалынып, нәтижелері қорытындыланды. Педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың тиімді әдіс – тәсілдері жүйеленді. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді біліктілікті арттыруда, жоғарыдан кейінгі білім берудің мазмұнын жаңартуда, қосымша білім беру орталықтарында, болашақ педагогтерді дайындауда қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Рецензенттер ретінде педагогика және психология саласына елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияны біліктілікпен талдады.

Таженова Гүлсара Сериковнаның диссертациясы бойынша:

Сейітқазы Перизат Байтешқызы – п.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.01).

Керімбаева Ботагоз Талғатовна – философия докторы (PhD), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі (Ақтөбе қ., Қазақстан), (мамандығы: 6D010300-Педагогика және психология).

Полатова Сауле Дүйсенбаевнаның диссертациясы бойынша:

Кульгильдинова Тулебике Алимжановна – п.ғ.д., профессор, *Абылай хан атындағы* Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.02)..

Стамбекова Асель Серкебаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абая атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан.

Мырзабеков Ержан Есилбековичтің диссертациясы бойынша:

Амирова Амина Слямхановна – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.01).

Булакбаева Мейрамгуль Кенесбаевна – п.ғ.к., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.01).

Орынбаева Лаура Каныбековнаның диссертациясы бойынша:

Артыкбаева Елена Викторовна – п.ғ.д., доцент, «Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар орталығы», (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.02).

Сағалиева Жанар Каукербековна – п.ғ.к., доцент, «Астана» халықаралық университеті, (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан), (мамандық шифры 13.00.01).

Абильмажинова Орынгуль Слямбековнаның диссертациясы бойынша:

Булакбаева Мейрамгуль Кенесбаевна – п.ғ.к., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры - 13.00.01).

Сағдуллаев Иброхим Ирисматович – философия докторы (PhD), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қ., Қазақстан), (мамандық шифры - 6D010300 - Педагогика және психология).

Байсултанова Сая Чарипкановнаның диссертациясы бойынша:

Алметов Негматжан Шадиметович - п.ғ.д., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, (Шымкент қ., Қазақстан), (мамандық шифры -13.00.01).

Иманчиев Жандарбек Ермекович – философия докторы (PhD), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, (Ақтөбе қ., Қазақстан), (6D010300- Педагогика және психология).

Советканова Дамира Маратовнаның диссертациясы бойынша:

Койшигулова Ляйля Ербулатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.01);

Аубакирова Жанат Канашиовна – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан), (мамандық шифры -19.00.07).

Азизханова Дидар Каримжановнаның диссертациясы бойынша:

Ботабаева Адеми Еркебаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институты (Тараз қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.01);

Ізім Тойған Оспанқызы - Өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Астана қ., Қазақстан), (мамандық шифры 17.00.01).

Ешенкулова Динара Бауыржановнағның диссертациясы бойынша:

Жайтапова Алтнай Альбековна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.08);

Есенова Камчат Аугажыевна – философия докторы (PhD), доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (6D010300-Педагогика және психология).

Масимова Хуришдам Ташиболатовнаның диссертациясы бойынша:

Абдиев Кали Сеильбекович - педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Туран университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры:13.00.02);

Муратбаева Гулнар Абылкасимовна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры -13.00.08).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіртуші кафедралар зерттеу жұмысының сапасы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011ж. 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы Ережеге енгізілген 2021 жылғы 09 наурыздағы №98 бұйрыққа және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесі туралы Ережесіндегі талаптарға сәйкес үш тілдегі аңдатпаға, кафедраның кеңейтілген мәжілісінің қорытындысының рәсімделуіне аса мән берілгені дұрыс.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

| | 6D010300 - Педагогика және психология |
|--|---|
| Қорғауға қабылданған диссертациялар | 10 |
| Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | |
| Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | |
| Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) | |

